



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСҚАН АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ



**ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА
ҚАТЫСҚАН
АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитеті
Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық
музей-қорығы

Жалпы редакциясын басқарған Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени
және әдеби-мемориалдық музей-қорығының директоры
Ұлан Болатұлы Сағадиев

“Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай ұрпақтары”. - Семей: Абайдың
мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы,
2025 - 20 бет

Буклетке Ұлы Отан соғысына қатысқан Абай
ұрпақтарының музей қорында сақталған
фотосуреттері, хаттары енгізілді.



Ұлы Отан соғысы халқымыз үшін ең қасіретті кезең болып тарихта қалды. Майданға аттанған ұлқызымыздың тең жартысы елге оралмады. Көздің жасы, жүректің қанымен келген Жеңіске биыл 80 жыл.

Сұрапыл соғыс жылдары Семей жерінен де талай боздақтар майдан даласына аттанды. Олар жеңіске жету жолында Қазақстан халқының елеулі үлес қосқанына тарих куә.

Сол ержүрек азаматтардың бір тобы – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының ұрпақтары. Олар Отанды зұлым жаудан қорғап, кескілескен қан майданда ерлік көрсетті. Өз өмірлерін қиып, бейбіт өмірді бүгінгі ұрпаққа сыйға тартқан сан миллион құрбан болғандардың ішінде Абай ұрпақтарының есімдерін де ерекше құрметпен айтамыз.

Ұлы ақынның көптеген немерелері, шөберелері және жақын туыстары ұлы Отан соғысына қатысып, майданнан оралмады. Олардың барлығы кеңес мектептерінде білім алып тәрбиеленген. Ел басына ауыр күн туғанда белдеріне қару асынып Отанды қорғауға аттанды.



ҚҰЗАЙЫР МЕКАЙЫЛҰЛЫ

(1912-1945)

Абайдың немересі. Бай тұқымы ретінде жер аударылып елден қуылған Фрунзе қаласына барып паналап, қара жұмыс істеген. Сол жерден әскерге алынып, 1945 жылы майданда қаза болған.

ҚАЛЫШЕР МЕКАЙЫЛҰЛЫ

(1921-1942)

Абайдың немересі. Қалышерге байдың тұқымы деген айып тағылып, жер аударылған. Фрунзе қаласынан әскерге аттанып, Отан соғысында 1942 жылы қайтыс болған.





ТОҚТАШ ІЗКӘЙІЛҰЛЫ

(1924-1943)

Абайдың немересі. Ол домбыра, баянда ойнап, Абай әндерін орындаған. Тоқташ неміс фашистеріне қарсы Отан соғысына қатысып, 1943 жылы қаза болған.

ҚАПСАЛӘМ ӘУБӘКІРҰЛЫ

(1907-1943)

Абайдың шөбересі. Әубәкірдің немересі. 1943 жылы қайтыс болған.





ӘЛИХАН ӘУБӘКІРҰЛЫ
(1918-1943)

Абайдың шөбересі. Әубәкірдің немересі. Отан соғысына қатысып, хабарсыз кеткен.

АЛПАШ ЖЕБРӘЙІЛҰЛЫ
(1922-1990)

Абайдың баласы Турағұлдың немересі. Өз әкесі Жебірәйіл Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралған Алматы қаласында тұрып, 1990 жылы дүние салған.





4

СЕМЕЙ ТАҢЫ

АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ – МАЙДАН ШЕБІНДЕ

Ұлы Отан соғысының шежіресіне семейлік жауынгерлер үн қосты. Сол алуғы азаматтардың бір тобы – қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың ұрпақтары. Олар Отанды алуым жаудан қорғап, несіпескен қан майданда өрлік көрсетті, көбі туған елге қайтып оралмады. Өз өмірлерін қып, бейбіт өмірді бүгінгі ұрпаққа сыйға тартқан сан миллион құрбан



Жошыхан Мағауин

болғандардың ішінде Абай ұрпақтарының есімдерін де құрметпен айтамыз. Олар Абайдың көмере-шөберелері Берекешан, Жошыхан Мағауиндер, Әлихан мен Қаспалам Ақылбаевтар, Құзаир, Қалышер Мехайл балалары. Токташ Ізайылулы болды. Абай ұрпақтары алуым жауға қарсы соғыста ерлікпен шайқасып, қаза тапты. Аллаш Абая пен Жағыпарқызы Ишағы ғана туған елге оралды. Ишағы әуе әскері полкінде қызмет жасап, ұшақтарды жөндеді, атып үйренді, парашютпен секірді, авиация техникасы болып Харбин маңында майданға қатынасты.

Абай мұражайының қорында Ұлы Отан соғысы жылдарында майданнан жазған жауынгерлердің



Ишағы Жағыпарқызы

хаттары сақтаулы. Майдан шебінен оқолта жатып қарындашпен асығыс жазылған хаттар үш-бұрыштал бүктеліп туған елге, ата-анаға, әке қарындасстарға, арналып келіп жататын. Мәселен, жауынгер Жошыхан Мағауин қарындасы Фазелге майданнан өлеумен жазған хатында:

*«Бұл өстелік саяан
арнап қалдырған,
Фазелімің, өлтіміңді балдырған,
Мен аттандым суық қару асынып,
Туған Отан азат үшін жан құрбан,
Суретіңді жанқалтамнан»*

*«Өлті көктем, жаз бөкен күз,
қыс талай,
Қарлығашым, қандай күйде
жүрсің сен»*

*«Соны ойлап көзден тамды жас
талай»* – депті. Жошыхан Мағауин 1943 жылы Харьковті азат ету үшін болған қан майданда 19 жасында ерлікпен қаза тапты.

Мұнан басқа Абайдың жақын туыстарының бауырлас достары балаларының майданнан жазған хаттары мұражай қорында сақтаулы. Абайдың әнісі, домбырашысы Әлияғамбеттің кенже баласы Уәлхан Әлімағамбетов Воронеж

қаласын азат етуде қаза тапты.

Ол 1942 жылы 27 тамызда жазған хатында былай дейді:

«Аса қадірлі қаретін Шабдан ағам, тәтеме мен – Уәлханнан сансыз көп сәлем жолдаймын. Менің хал білімсіз болсаңыздар ден сау. Воронежтің жанында алты шақырым жерде жатырмыз. Воронежді қайтарып алу үшін 27 августа күрдік. Шабдан аға, мені ойлама, түсіме ире бересің, көп



Мұхлис Салихұлы

ойлайсың ғой деймін. Денім сау болса өлі-ақ қайтам. Жанымда Саркәлдары Қанжияның баласы Бейсенғазы бар. Жазған Уәлхан»

Абайдың замандасы, ақынның адал досы, өртенші Баймағамбеттің туған немересі Мұхлис Салихұлы да майдан шебінде талай ұрыстарға қатысты, қатты жараланып, соғыстан 1945 жылы оралды. Мұхлис Отан соғысының I дәрежелі ордендерімен бірнеше медальдармен марапатталды. Соғыстан оралған күннен бастап, өмірінің соңына дейін халық ағарту саласында қызмет істеді.

Л.БАЙМАҒАМБЕТТЕП,
Абай мұражайының
аға ғылыми қызметкері



БЕРЕКЕХАН ҚҰТАЙБАҰЛЫ (1918-1944)

Абайдың шөбересі. Мағашияның немересі. Семейде 7-классты орысша оқып бітірген. Шығыс Қазақстан облысы Новошұльба ауданында Уба-Форпост ауылдық кеңесінен әскер қатарына алынып. Соғыста қаза тапқан.

...Казель қалай денің сау аман есен денсаулықтың арқасында жақсы түрде жүріп жатқан ыңғарсың. Ал менен қал білмек болсаң, ден сау аман-есен денсаулықтың арқасында өте жақсы түрде жүріп жатырмын.

...Это нецего аман болсақ соғысты бітіріп жеңіспен қайтамыз. Ал қуатым августте саған 400 сом салдым 12 күні. Алсан хат сал. Жоңының хабарын анықтап жазып жібер. Ицан қайда, соны жазып жібер. Жоңы қайда? Соның анығын жаз. Мен бұдан бұрын саған салғам жоқ, себебі анық қайда екеніңді білгенім жоқпын. Сенің Меркеден салған хатыңды алып Алматыға қайтам дегеніңді біліп осы хатты салып отырмын.

*Менің адресім.
Полевая почта 16627 ж.
Б. Мағашин. 13.08.43г.*





МАЙДАНДА ЖАЗҒАН ХАТТАР





ЖОШЫХАН ЖАҒЫПАРҰЛЫ (1924-1943)

Абайдың шөбересі. 1924 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Қарауылда туған. Жосыхан 1934 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін апасы Ицағы, қарындасы Ғазел ишеуі Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол осындағы №12 мектеп-интернатты бітіріп, 1942 жылы майданға кеткен. 1943 жылдың тамыз айында Харьковті азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапқан.

Жосыхан Жыгипарұлы Мағауин 1943 жылы 3 шілдеде Мағауияқызы Уәсילהа жазған хатында: "Ардақты тәтем, Шамен аға, бауырларым, Алматыдан кеткеніме дәл он ай толған күн, 28 шілде күні сағат 8-де немістің оғымен беттестім.

Жарам жеңіл, қайта шығып өзімді алатын күшім бар. Украинаның жерінде күнде көшіп жүреміз, тұрақты госпиталь жоқ. Сондықтан адрес те жоқ. Жазған сол қолым. Жосыхан Жыгипарұлы 30 шілде, 1943 жыл. Аман болсақ, соғысты бітіріп, жеңіспен қайтамыз" - деп жазады.

Сұрапыл соғыс үстінде асығыс жазылған бұл сағынып жеткен сәлем хаттар жұртшылық жүрегіне жол тауып жатты.



Справка

Настоящая справка тов. Жоьыхану Жагыпаровичу в том, что действительно родился в 1924 году в семье средняка в Семипалатинской области, Абайского района, Кульме сельсовете. Отец его Жагыфар с 1921г. работал по линии народного образования. Он умер в 1933 году, а мать в 1936.


Жагыфар Магавин был середняк.

Что и удостоверяется подписью.

Председатель Кульминского аульского совета Актамберлин

Перевод с подлинного верна

11.1941г.





СССР
Х. Т. Т. М.
№ 932

СПРАВКА

Фрунзенский Городской
РАЙОННЫЙ
ВОЕННЫЙ КОМИССАРИАТ
Киргизской ССР

Дата: 19-10-1944 г.

В том, что сс. № 932, 194 г.

призван и отправлен в Красную Армию в
качестве

Фрунзенский горрайвоенком
капитан

Начальник 1-й части

Венгас

Извещение

Ваше имя: Х. Т. Т. М.
№ 932

Паспорт: № 104

Находясь на фронте

Настоящее извещение является документом для
возбуждения уголовного дела о нем.

М. П.

Районный военный
комитет

г. Фрунзе, Шатерный пер. № 10, 1-й этаж





ИШАҒЫ ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ (1922-2014)

*Абайдың шөбересі. Мағауияның
Жағыпарынан туған. Ұлы Отан
соғысы жылдарында авиация
технигі болып майданға қатысты.
2014 жылы қайтыс болды.*



Д № 071644

*Жағыпаров
Ишан*

ЗА ЛЯЛОСКОМ, СОВЕЩАЮЩИЙ И
ПРОИЗВЕДЕНИЕ В ВОЙНЕ С И
ФАКТОРНОМ ЗАКАЗЫ
И О ПОДРОБНОСТИ. А
ВЕЩАМ СОВЕТСКОГО
В ВОЙНЕ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
1941—1945 гг.
УКАЗЫ ПРЕЗИДЕНТА
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА
1945 г.
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ
В СССР
Судитесь, Президиум
Исполнительный СССР
24 ноября 1945 г.
1331526



Майдандағы сәттер



Абай ұрпақтары



Цицагы достарымен

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Ш. Серикан
Жазира
Цица

За доблесть и отвагу
в Великой Отечественной
войне.

Министр обороны СССР
Владимир Сергеевич Соловьев



СОЮЗ
СОВЕТСКИХ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКИХ
РЕСПУБЛИК

УДОСТОВЕРЕНИЕ
к юбилейной медали
«ТРИДЦАТЬ ЛЕТ ПОБЕДЫ
В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ
ВОЙНЕ 1941—1945 гг.»



Абайдың немере, шөберелерінің музей қорында Ұлы Отан соғысы жылдарында майданнан жазған хаттары сақтаулы. Абай ұрпақтарының бұл хаттары Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімге толы.

Абай ұрпақтарының хаттары 20 шақты. Сол хаттардың көбісін майданнан Абайдың шөберелері Берекехан Құтайбаұлы мен Жошыхан Жағыпарұлының жазған хаттары.

Абай ұрпақтарының музей қорында сақталған хаттарынан жауға деген қайнаған кек, өшпенділікті, туған жерге, Отанға берілгендікті, жеңіске сөзсіз жетеміз деген берік сенімді танимыз. Жошыхан Мағауин:

*Бір теңіздің тамшысы едік екеуміз,
Ұласамыз, біз мұратқа жетеміз.
Бұл естелік саған арнап қалдырған.
Ғазелімсің, өлеңімсің балдырған.
Мен аттандым көк қаруды асынып,
Туған Отан бақыты үшін жан құрбан,—*

деп жазады қарындасы Ғазелге сағынышпен.



Музей қорындағы бағалы жәдігерлердің ішінде ұлы ақынның немерелерінің, шөберелерінің, жақын туыстарының хаттары, естелік әңгімелері де бар. Майданда болған туыстары туралы Ұлы Отан соғысында от кешкен майдангер Ишағы Жағыпарқызы: «Мен ұлы Абай атамның шөбересімін Абайдың Мағауия атты ұлынан Жағыпар туады. Мен Жағыпардың қызымын.» Жалпы алғанда Абай ұрпақтарынан соғысқа он адам қатысқанбыз.

Соның сегізі қайтпады, екеуіміз-ақ аман-есен оралдық. Аруақтары риза болсын, сол оралмаған ағаларымның да аттарын атай кетейін: Ақылбай немересі Ғабдісләм мен Әлихан. Әбдірахманның жиені – Еніғам.

Мағауия немерелері – Берекехан мен Жошыхан. Мекайыл немересі – Ғұзайыр мен Әлішер. Зікәйіл немересі – Тоқташ соғыстан оралмады. Турағұлдың немересі – Алпаш және Мағауия немересі мен, екеуіміз ғана соғыстан оралған едік. Қайтпаған ағаларымнан ұрпақ жоқ, өйткені олар үйленбей кеткен болатын... Міне, соғыс атты зұлматтың бір әулеттің балаларына әкелген қасіреті... Алпаш 1990 жылы Алматыда ауырып, дүниеден қайтты», - деп соғыста құрбан болған туыстарын сағынышпен айтады өз естелігінде.



Мұнан басқа Абайдың жақын туыстарының, бауырлас достары балаларының қан майданнан жазған хаттары музей қорында сақтаулы. Ол біз үшін құнды жәдігерлердің бірі. Абай ұрпақтарының бұл ерліктері ешқашан да, еш уақытта да ұмытылмайды.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары да аулақ салып, алыстап барады. Бірақ қаншалықты алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ержүрек азаматтарымыздың ерлігі халықтың зердесінде мәңгі сақталып қалмақ. Қазақ халқының осы соғыстағы жоғары адамгершілік және әділетті мақсаты халық бойында нағыз батырлық рухын, сарқылмас қажы-қайратты, керемет табандылық сезімдерін туғызды.





Адамзаттың санасында, Ұлы Отан соғысы дүниежүзілік тарихында мәңгі – бақи ұмытылмайтын оқиға.

Сондықтан біз Ұлы Отан соғысының ардагерлері сияқты отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеп, солардың бойындағы патриоттық сезімді сіңіре білуіміз керек. Болашақ ұрпақ қан майданда жеңіс әкелген ардагерлеріміздің ерліктерін ешқашан ұмытпауы тиіс. Ардагерлерімізге зор құрмет білдіру – біздің бәріміздің парызымыз.



Баспа өнімінің кеңесшісі Абай қорық-музейінің
ғылыми жұмыстары жөніндегі директоры **М.С.Қайрамбаева**

Құрастырған: Н.Өмірбекова, Ж.Байгаскина
Дизайнер: А.Баркенов

© Абайдың мемлекеттік
музей-қорығы, 2025